Бекітемін
«Аққу» бөбекжай балабақшасының
меңгерушісі: Ибраимова Г.Т.

# Мерекелік ертеңгілік

## Тақырыбы: «Берекелі- Алтын күз!»



Ортаңғы «Еркетай» тобы

Тәрбиешілер: Алтаева К.Ж.
Салибекова Г.О.

2022ж

# «Берекелі Алтын күз!!!»

**Жүргізуші:** Береке бақ дарыған,
Жомарт көңіл, жарқын жүз,
Сары алтынға малынған
Жетті міне, Алтын күз!

-Сәлеметсіздерме құрметті Ата-аналар, қонақтар бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгілігімізге хош келдіңіздер. Ортаға «Еркетай» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар.

**Би: Флешмоб, Арам-зам-зам**

**Жүргізуші:**Балалар бүгін бізде қандай мейрам ?

**Балалар:** «Алтын күз !!!»мейрамы.

**Жүргізуші:** Иә, балалар күз мейрамы, қарандаршы зал қандай әдемі, түрлі-түсті жапырақтарға толы. Олай болса балалар мерекеге арналған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Димаш:**

Армысың алтын күз
Армысың жер ана
Армысыздар қонақтар,
Армысыңдар достарым.

**Айғаным:**
Төңірек толы сары алтын
Күз келді туған жеріме
Шуағын нұрлы жайнаған,
Алтын күз әсем айналам.

**Дарын:**
Қыры толы егіске,
Бағы толы жеміске.
Елді сыйға кенелтті,
Қолы ашық періште

**Сырғалым:**
Аралайық күзгі бақты,
Қандай тамаша.
Кел шырқайық күзгі вальсті,
Билеп жараса.

**Ән: «Күзгі вальс»**
**Әуен қойылады.**

**Күз ханшайымы:**
Сәлеметсіздерме, қонақтар!
Сәлеметсіңдерме, балалар!
Мен – Алтын күзбін!

Жайдары жарқын жүзбін.
Қонаққа келдім сендерге
**Жүргізуші:** Сәлеметсіңбе Алтын күз! Бүгін біздің балалардың Алтын күзге арналған өнерлерін тамашалаңыз.

**Хансұлтан:**
Мерейлі күз , мырза күз
Сыйлығыңа ырзамыз
Аппақ арай таңына,
Шомыламыз нұрға біз.
**Жұлдыз:**
Келші келші ,Алтын күз,
Келші, келші жарқын күз
Мерекесін жалғастырып
Ойнап күлші Алтын күз
**Аида:**
Ән салыңдар күліңдер,
Жайнап гүлдей жүріңдер.
Келіңдер күз тойын ойлайық
Би ,билейік ойнайық
**Томирис:**
Жеміс толы айнала
Астық толды қамбаға
Алтын күзге арналып
Айтылады әнім
**Би: Бүлдірген теру.**
Томирис,
Әдемай Жұлдыз.
**Жүргізуші:** Күз ханшайымы,балалар көкөністер мен жемістерге арналған тақпақтарын орындап берсін.
**Хабиб:**
Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.
**Мардан:**
Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпын,
Сәбіздерміз жазықсыз.
**Інкәр:**
Көркейткен ауланы,
Көріңдер алманы.
Тіліңді үйірер,
Шіріңді бал дәмі.

Әжесі-Айзере
Немересі-Айғаным
Күшігі-Әліби
Мысығы- Жұлдыз
Тышқаны- Арсланхан
**Күз ханшайымы:** Айналайын Балалар! Менің сендерге алып келген күзгі жемістерім бар. Мен сендерге сол жемісті таркатайын. Сау болыңдар балалар.
**Жүргуші:** Құрметті қонақтар! Осымен «Еркетай» тобының «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгілігі аяқталды.
Сау болыңыздар!!!.

**Әліби:**
Картоп біздің атамыз,
Жер астында жатамыз
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.
**С.Асылым:**
Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып.
Тұрған ол мен қызынық,
Күнге қарап ұялып.
**Аяулым:**
Мен жүзіммін, жүзіммін,
Моншақ болып тізілдім.
**Ұлдана:**
Мен алмұртпын, алмұртпын,
Аузындамын бар жұрттың.
**Адина:**
Мен тәттімін, тәттімін,
Қып-қызылмын, тәттімін.
Мен алмамын, алмамын
**Би: Күз ханшайымымен «Радуга» биі**
Адина,Ұлдана
Айтұмар,Ажар
Інкәр,Аида, Сырғалым.
**Әдемай:**
Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді.
Жемістерін жыйнауға,
Шақырады біздерді.
**Арсланхан:**
Алқаптағы бидайды,
Қоймаға ел жыйнайды.
Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.
**Айзере:**
Көктемде егін егетін,
Күзде жыйып беретін.
Біздің дала бай дала,
Алтын астық айнала.
**Дамир:**
Күзім ау, күзім ау ,
Мінезің бұзық ау.
Жаңбырың сіркіреп,
Келгенің қызық ау.

**Ахмади:**
Мерекелі, берекелі,
Келді Алтын күз
Жайма шуақ күн сәулелі,
Келді жарқын күз
**Ұлдар биі: Бэйби шак.**
**Сабина:**
Астық дала сәулеті,
Астық отан дәулеті.
Біздің дала бай дала,
Алтын астық айнала.
**Айтұмар:**
Тоңазып атырап,
Көп жеміс піседі.
Сарғайып жапырақ,
Саудырап түседі.
**Ажар:**
О, Алақай тамаша!
Шашу шашты жапырақ.
Бақтың іші алаша,
Аунарма едім жатып ап.
**Ән: Кап-Кап, Тук-тук-тук.**
**Ақтолқын:**
Күн шуаққа маужырап,
Жатыр еді атырап.
Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
**Б.Асылым:**
Алтын сары қызыл көк,
Алуан, алуан жапырақ
Күзгі баққа күлімдеп,
Көз тартады атырап.
**Әмина:**
Құстар қайтты күз болып,
Сұр бұлт жаптты аспанды.
Жапырақ түсіп, гүл солып,
Қыс ызғарлы басталды.
**Би: Қол шатыр биі.**
Айзере, Сабина
Аяулым, Айғаным
Б.Асылым, Әмина, Є.Асылым
**Ән: Көңілді-Күй.**
**Жүргізуші:** Орыс халық **«Шалқан»** ертегісін сахналау.
Ертегіні сахналайтындар.
Атасы-Дарын





